



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Қазығұртта қазіргі кезге дейін спелеотуризмнің толық жүйесі жоқ. Сондықтан да, туристерді барлық керекті жабдықтармен, жарнамамен, сауда қызметімен, көлікпен, қонақ үйлерге орналастырумен, тамақтандырумен қамтамасыз етумен байланысты сұрақтар өз шешімін таппай отыр. Спелеотуризмнің дамуының жеткіліксіздігінің тағы бір себебі – туризмді дамытуға қажетті факторлардың ғылыми негіздемелерінің жоқтығы. Біліктілігі жоғары мамандарсыз спелеотуризм саласын дамыту мүмкін емес. Спелеотуризм туристерді қызықтырып, елге ұлттық табыс ретінде валюталық ресурстарды тартатын болғандықтан, оларға белгілі бір жеңілдіктер қарастырылуы тиіс.[4]

Спелеотуризмді дамытып, қоршаған ортаға оң ықпал жасап, қолда барды ұқсатып, көрікті мекендердің сұлулығын жарнамалау арқылы туризмнің Қазақстандық брендин қалыптастыру қажет. Сонымен қатар, көрсетіліп отырған бар туристік қызметтер түрлерін сақтай отырып, ішкі туризмді және экономикамызды тұрақты дамытуымыз тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. www.google.kz Википедия
2. Мазбаев О.Б., Атайбеков Б.Н., Асубаев Б.К. «Туризм және өлкетану негіздері», 2006ж
3. «Қазақстан-спортшылар елі». Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы, 2007 ж
4. G.global
5. Youtube. Қазақстан-Шымкент телеарнасы

ӨОЖ 061.41: (338.49:339.92) (574)

ЕХРО-2017 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕСІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КІРУ ТУРИЗМІНІҢ ДАМУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Мырзабаева Мадина Мырзабаевна

madik_semsk@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 3 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - М.Амрина

Францияның символына айналған Эйфель мұнарасы аталмыш ел туризмінің басты табыс көзі болып табылады. Сәулеттік туындыны көруге әлемнің түкпір-түкпірінен келетін туристер саны 250 млннан асып жығылады. Мұндай ғимарат 160 жылдық тарихы бар дүниежүзілік көрме нәтижесі.

1928 жылы Парижде Көрмелердің халықаралық бюросы құрылған болатын. Аталмыш бюро Ұлыбританияның Хрусталь сарайынан бастап, бүгінге дейін әлемде талай игі істерді атқаруда. Ұйым ЕХРО көрмесінің әрқашан жоғары деңгейде өтуін қадағалап, сонымен қатар әр түрлі инновациялық технологиялар, қала мәдениеті мен Жер шарының алдыңғы қатарлы мәселелерін шешумен айналысады. Негізінен, ЕХРО – таза әрі ашық бәсекелестікке арналған әлемдегі беделді алаң. Көрменің басты мақсаты – қатысушы мемлекеттердің адамзат өміріне қажетті түрлі саладағы жаңа зерттеулері мен тың жаңалықтарын барынша насихаттау. Халықаралық көрмелер экспозиция ерекшелігіне байланысты екі түрге бөлінеді: Дүниежүзілік әмбебап көрмелер және Мамандандырылған халықаралық көрмелер. Дүниежүзілік әмбебап көрмелер бес жыл сайын алты ай бойына өткізіледі. Онда тақырыбы жағынан біршама шектеулер болады. Мамандандырылған халықаралық көрменің өту уақыты ең көбі үш айға созылады. Көрме алаңы 25 гектардан аспауы тиіс. Ал тақырыбы алдын ала ұйымдастырушыларға ескертіледі. Көрме тақырыбында оны ұйымдастырушы мемлекеттің белгілі бір салалардағы, соның ішінде гуманитарлық, әлеуметтік және экологиялық аспектіде қол жеткізген ғылыми технологиялық және экономикалық жетістіктері қамтылуы шарт.

ЕХРО-ның негізін қалаушысы – Ұлыбританияның қазіргі ханымының арғы атасы, ғылымға қатты қызығушылық танытқан ханзада Альберт. Алғашқы Бүкіләлемдік көрме 1851 жылдың 1 мамырында Лондондағы Гайд саябағында өтті. Жиырма аптаның ішінде оған 6 млн. адам келген (сол кезде Лондонда 3 млн. адам тұрған болатын). Көрме ғимаратынаның ең үздік сәулет өнері аталымын әйнектен жасалатын ғимарат - Хрустальді сарай салуды ұсынған Джозеф Пакстон есімді бақшы жеңіп алды. Викториандық дәуірді дүр сілкіндірген ғажайып туынды қазіргі күнге дейін сақталмаған. Аталмыш алғашқы көрмеде сол кезде әлемде өндірілген заттардың барлығын көруге болатын. Бірақ ең үлкен әсер қалдырғаны құрал-жабдықтар бөліміндегі бу қозғалтқыштары, стерео-фотосуреттер, американдық Чарльз Гудьер ойлап тапқан ысытылған резеңке қойылтылған сүт, консервіленген азық-түлік, мүгедектерге арналған протездер, шыны көздер, стоматологиялық креслолар, «веналық» деп аталатын орындықтар және басқа да заттар. Көрмеден түскен пайданың жалпы соммасы – шамамен 186 000 фунт стерлинг. Бұл ақша Англиядағы бірнеше мұражайлардың құрылысына, солардың ішінде, әйгілі Виктория мен Альберттің мұражайының бой көтеруіне жұмсалған. [1]

АҚШ-тың Чикаго қаласы ЭКСПО-ны 1933-1934 жылдары қабылдады. Қала 1920 жылы бұл мафиозиге байлынысты жаман атаққа ие болатын. Чикагоның бет-бейнесін жақсарту үшін қала басшылары Бүкіләлемдік көрмені өткізуді ұйғарған. Бірақ 1929 жылдың 28 қазанында «қара сейсенбі» орын алды: қор нарығы күйреп, көрмені өткізуді бірнеше жылға кейінге қалдыруға тура келді. Чикагодағы ЕХРО-ны өткізу толықтай жеке қорлардың есебінен қаржыландырылды. Көрме өте сәтті болып, оны тамашалауға әлемнің түрлі елдерінен 39 миллион адам келді. Бұл шығындалған қаражатты қайтарып қана қоймай, сонымен бірге зор табыс табуға да мүмкіндік туғызды. Чикагода көптеген жаңалықтар болды, ондағы ең маңызды жетістіктер авиациямен байланысты еді. Сонымен бірге қонақтардың арасында аспалы жол мен жарық шоуы орасан зор ықыласқа ие болды.

Бельгия Дүниежүзілік көрмеге әлемдегі ең алғашқы луна-саябақты ұсынды, дәл осындай луна-саябақ Уолт Диснейді Калифорнияда соған ұқсасын жасауға шабыттандырды. Бұл көрмеде де бірқатар кемшіліктер орын алды. Германия әуеге үлкен нацистік сватикасы бар дирижабльді көтерді. [2]

2000 жылы Ганноверде ең көп дау туғызған көрме өтті. 1990 жылы бұл қала небәрі бір дауыс басымдылығымен Торонтоны жеңген болатын. Алайда Германияның көптеген тұрғындары өз жерінде көрменің өтуіне қарсы болып, наразылық шерулерін ұйымдастырды. Жоспарланған 40 млн. қонақтардың орнына көрмеге небәрі 18 млн. адам келді. Алайда ЕХРО ел экономикасына пайдасын тигізді. Көрме үшін жаңа темір жол станциясы, қала жолдарының жаңа желісі салынды, трамвай желісі кеңейтілді, әуежайдың үшінші терминалы салынды. Осы ЕХРО-ның басқаларынан өзгешелігі ғылымның қазіргі жетістіктерінен гөрі болашақ үшін шешімдерді іздеу мен дамытуға ерекше көңіл бөлінуінде болды. Мысалы, Венесуэла, қайта қолданысқа түскен материалдан тұрғызылған павильонын ұсынды.

2015 жылы Миландағы дүниежүзілік көрме 1 мамырдан 31 қарашаға дейін өткізіледі. Көрме тақырыбы «Жер шарын тамақтандыру. Өмір энергиясы». Біздің ғаламшарда 1 млрд адам ашаршылықтан немесе керісінше семіздіктен зардап шегуде. Сол себепті, тамақтану мәселелері Жер шарындағы өзекті проблемалардың бірі болып табылады. Дүниежүзілік көрме бұл тақырыпты экономикалық, ғылыми және мәдени-әлеуметтік көзқараспен қарастырып, шешімін табу үшін ең мықты интеллектуалды ресурстарды біріктіреді. Бұл көрмеге 140 мемлекет қатысатынын растады, соның ішінде Қазақстан да бар. Көрме 1,7 млн м² аумақты алып жатыр. Көрме уақытында ұйымдастырушылар қалаға 29 млн адам келеді деп күтуде. «Экспо2015» көрмесінен келесідей мұра қалады: көрме аумағы болашақтың «ақылды қаласы» болады, яғни экология мен энергетиканың технологиялық аспектілерін талқылау үшін интеллектуалды аумақ құрылады.

Қытайдың Шанхай қаласындағы 2010 жылы өткен көрме 5,28 км² аумақты алып жатты. Оны үш ай ішінде 73 миллион адам тамашалаған екен. Статистикалық мәліметтерге қарағанда, көрмені ұйымдастырушылар 12 миллиард доллар пайда көрген. Орта бизнестің

табысы шамамен жиырма пайызға артқан. Шанхайдағы шараға барлығы 192 мемлекет пен 50-ге жуық ұйым қатысқан. Күн сайын жүздеген мәдени және ойын-сауық шаралары өтіп тұрған. EXPO-2010 қатысушылардың саны жөнінен, көрме қонақтары мен экспозициялардың аумағы жөнінен рекорд жасаған болатын.

Келесі екі онжылдықта ғаламға энергия тапшылығы келуі мүмкін. Бұл болжау қазіргі тандағы халық санының көбеюімен, энергияны көп мөлшерде қолданумен, көмірқышқыл газының мөлшерден тыс бөлінуімен және пайдалы қазбалардың қорының таусылуымен байланысты. Осындай ғаламдық проблемалардың шешімін табу мақсатында Қазақстанда «EXPO 2017» көрмесін өткізуге қызу дайындық жүруде. Қазақстан 1997 жылдан бастап Халықаралық көрмелер бюросына мүше ел болып табылады және EXPO көрмелеріне 2005 жылдан бастап қатысып келеді. Испанияның Сарагоса EXPO-2008 көрмесінің қорытындысы бойынша «С» категориялы 104 қатысушы ел ішінде, біздің еліміздің павильоны сыртқы және ішкі рәсімдеу өлшемдері бойынша қола медальмен марапатталған еді.

Бүкіл әлемді энергиямен қамтамасыз ету үшін халықаралық ұйымдар осы мәселенің шешу жолдарын қарастыруда. Көрмені өткізу үшін қаланы таңдау барысында Астана мен бәсекеге Бельгия мемлекетінің Льеж қаласы түскен. Халықаралық Көрмелер Бюросының Бас Ассамблеясының 152-ші сессиясында дауыс беру қорытындысы бойынша 103 дауыспен Астана қаласы көрмені өткізу мәртебесіне ие болды. 2013 жылғы 15-қаңтарда Қазақстан Республикасы Президентінің № 11 қаулысымен «Астана EXPO-2017 Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы құрылды. Компания қызметі EXPO-2017 Халықаралық мамандырылған көрмесін ұйымдастыру және өткізу болып табылады. Астанадағы бүкіләлемдік көрме 3 айға дейін жалғасады. Оған әлемнің 100-ге жуық елі және 10 халықаралық ұйым қатыса алады. Көрмеге 2 миллионнан астам адам қатысады деп күтіліп отыр. [3] Мұндай ауқымды іс-шараны өткізу шағын және орта бизнестің дамуына елеулі серпін береді. Көрме елорданың көрмелер объектілері құрылысы мен инфрақұрылымына едәуір жеке меншік инвестицияны тартуға мүмкіндік туғызады. EXPO көрмесін өткізу кезінде Қазақстанның астанасы әлемнің түкпір-түкпірінен келген түрлі мәдениеттер үніне толады. Көрменің аумағында күн сайын концерттер, түрлі шоулар және өзге де ойын-сауық іс-шаралары өтетін болады. EXPO бүкіләлемдік бірегей көрмесі – маңызы жағынан дүниежүзілік экономикалық форумдармен, ал туристік тартымдылығы бойынша ең танымал әлемдік деңгейдегі спорттық жарыстармен салыстыруға тұрарлық жаһандық ауқымдағы оқиға. Шындығында да еліміздің географиялық орналасу жағдайын, жел және күн энергиясын пайдалану мүмкіндігін, сондай-ақ мұнай және газ ресурстарының энергетикалық әлеуетін ескерсек, бұл қажеттіліктердің орнын толтыруға тамаша мүмкіндік туып отыр. Қазақстанның сағатына 1 трлн кв энергия өндіруге мүмкіндігі бар. Оның үстіне біздің ұсынған жобаларымыз ең үздігі деп танылған жағдайда, EXPO -2017 көрме қалашығы толықтай баламалы энергия көздері арқылы жұмыс істеуге көшеді. Мұны көріп-біліп отырған сарапшы мамандар еліміздің мүмкіндіктері мен артықшылықтарын толық мойындауда.

EXPO Еуропадағы Қауіпсіздік және Үнтымақтастық Ұйымы (ЕҚЫҰ) саммиті сияқты таза саяси пиар жоба емес, бұл науқанның Қазақстанға берері көп. Біріншіден, EXPO кезінде әлемнің түкпір-түкпірінен келген ең жаңа, заманауи технологиялар көрмеге қойылып қана қоймай, олардың жұмыс істеу принциптері көрсетіледі. Сол арқылы біз жаңа технологияларды көріп, әлемдегі озық технологиялар мен техниканың қай бағытта, қалай дамып бара жатқанына куә боламыз, өз еліміз бен дамыған елдердің арасындағы технологиялық прогрестің айырмашылығын біліп, бағамдай аламыз. Екіншіден, EXPO барысында Қазақстан тарапынан және шетел тарапынан салынатын зерттеу орталықтары, жаңа жобалар көрме аяқталғаннан кейін де Қазақстанның керегіне жарап, ары қарай қызмет етеді. Үшіншіден, шараны ұйымдастыру барысында көптеген жаңа ұйымдастыру, басқару, үйлестіру әдістерін үйреніп қана қоймай, 3 айлық науқан ішінде Қазақстан қызмет көрсету саласын сыннан өткізіп, тәжірибе жинақтауға және оны жетілдіруге мүмкіндік алады. Төртіншіден, бұл шараға біз болжалдаған 5 миллион адам келмесе де, көрме өтетін Астана қаласының тұрғындары мен әдеттегі қонақтардан әлденеше есе артық жұрт жиналатыны

анық. Осылайша қысқа мерзімде еліміздегі жеке кәсіп саласына, қонақ үй, тамақтану сияқты қызмет көрсету салаларындағы кәсіпкерлерге пайда келеді. Бесіншіден, көрмеге келетін қонақтар тек Астана қаласымен шектелмей, Алматы, Бурабай қатарлы көрікті жерлерге ат басын бұрады. Қазақстанға үлкен жарнама жасалады, бұл туризм саласы үшін маңызды рөл атқаратыны белгілі. Алтыншыдан, шетелден келген қонақтарға жол бастау, аудармашылық қызмет сияқты міндеттерді атқаратын шет тілін білетін және үйреніп жүрген жастарға үлкен тәжірибе [4].

ЕХРО-2017 көрмесі ғаламдық мәселені шешуге байланысты болғандықтан, шет мемлекеттер бей-жай қарамайтындығы белгілі. Сондықтан, бұл көрме Қазақстанға тек пайда әкелетіні сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. В.Н.Шпаков, История Всемирных выставок – М.: Аст; Зебра Е, 2008.
2. В. К. Мезенин, Парад всемирных выставок. - М.: Знание, 1991.
3. www.expo2015.org.
4. www.expo2017astana.com

ӘОЖ: 910.2(574)(091)

ШОҚАН УӘЛИХАНОВ

Мұханбетқалиев Дәулетжан Бақытжанұлы, Бакирамбек Нұрислам Бекболатұлы
Dauletzhan1807@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, “Туризм” мамандағының 1 курс студенттері, Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекші- Рүстемова С.М

Талантты ғалым, публицист, әдебиет зерттеушісі, саяхатшы-географ Шоқан (шын аты Мұхаммедханафия) Шыңғысұлы Уәлиханов XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда туған демократтық, ағартушылық мәдениеттің тұңғыш өкілдерінің бірі. Оның қысқа да жарқын өмірі, жан-жақты зерттеушілік қызметі, философия, этнография, тарих, экономика, құқық, география, ауыз әдебиеті, әдебиет теориясы, т.б. жайындағы ғылыми зерттеулері, пікірлері қай кезде болмасын өзінің құндылығымен жарқырай берері сөзсіз. Қазақ халқының рухани ізденістерінің жарқын көрінісі бола отырып, қоғамдық ойсана, пікір-тұжырымдардың биіктей өркендеуіне ерекше ықпал етті. Шоқан 1835 жылдың қараша айында қазіргі Қостанай облысының Құсмұрын бекетінде атақты аға сұлтан Шыңғыс Уәлиханов отбасында дүниеге келген. Арғы атасы Абылай жоңғарларға қарсы соғыста асқан ерлік көрсеткен, ел бірлігі мен тыныштығы үшін күрескен, ақылды қолбасшы, іскер дипломат, амал-айласы мол Орта жүз ханы болған. Ұсынылып отырған мақалада әңгіме Шоқанның қоғамдық- саяси өмірі мен Ішкі Азияның географиясына қатысты зерттеулері жайында өрбиді

Шоқан Уәлиханов 1853 жылы кадет корпусын бітіріп, Омбыда әскери қызметке қалады. Ол Сібір қазақ-орыс әскерінің 6-атты әскер полкына офицер болып тағайындалады, іс жүзінде Батыс Сібір мен Қазақстанның Солтүстік-Батыс аймағының генерал-губернаторы Г.Х.Гасфорттың адъютанты қызметіне белгіленеді. Сондай-ақ, Батыс Сібір өлкесінің Бас басқармасы оған айырықша тапсырмаларды орындайтын офицер ретінде қарады. Қызметі барысында Шоқан Уәлиханов патша өкіметінің отаршылдық саясаты туғызған әділетсіздіктерді жете танып, қарсы батыл пікірлер білдіруге тырысты. Осы қызметтерді атқара жүріп, ол Орта Азия халықтарының тарихын, этнографиясы мен географиясын зерттеуге белсене араласты.

Омбыдан кетуді, өзінің туған халқына пайдасы тиетін істермен шұғылдануды армандағанын өзінің достары Ф.М.Достоевскийге, Қ.Қ.Гутковскийге жазған хаттарынан анық көруге болады. 1855 жылы Шоқан Уәлиханов Омбыдан Семей, Аягөз, Қапал арқылы,